


#QAZAQSTAN

Батыр-суперқаһарман







Қазақ батырлары – ел мен жерге деген адалдықтың, намыстың, ерліктің мәңгілік үлгісі. Олар өз өмірін Отан үшін арнап, еркіндік пен тәуелсіздіктің дәмін бізге сездірді. Сол себепті бүгінгі жас ұрпақ батырлардың ерлігіне қарап бой түзеуі, солар сияқты шын жүректен өз елін сүюді үйренуі керек.





Мәссаған!
Ол адамдарды құтқарып
жатыр!





-Ата, мен ер жеткенде,
Супермен сияқты
қаһарман боламын.
Содан соң адамдарға
көмектесемін.





Жоқ, ата, мен
Супермен сияқты нағыз
суперқаһарман болғым
келеді!







Халық арасында ең танымалы - Қабанбай батыр. Жас кезінде жебемен жабайы қабандарды қырып, «Қабанбай» атанды.



Әкесі жоңғар басқыншылары қолынан қаза табады. Содан бері Қабанбай өмірін жоңғарларға қарсы күреске арнаған.

Ол жаудан жерімізді қорғады, батылдығымен, жауынгерлерді жігерлендіру қабілетімен танымал болды.



Бөгенбай айналасындағыларды топтастырады. Олардың ішінде батырдың бауырлары да болды. Ел оларды «Қанжығалының қырық батыры» деп атады.




Бөгенбай қолбасшы, стратег және халық қорғаушысы болды. Ол тек жауынгерлердің ғана емес, қарапайым халықтың да құрметіне ие болды. Бөгенбай ұрыстарда әскерді шебер басқарды.



Наурызбай батыр жастайынан шайқастарда ерлігімен көзге түсті. Оның ерлігі мен қайсарлығы жырлар мен аңыздарға арқау болды. Наурызбай батыр Жетісу мен Шығыс Қазақстан жерлерін азат етті.




Соғыстан соң қазақ руларын азат етілген жерлерге орналастырумен айналысты. Ол даналығымен халық арасында зор беделге ие болды.








Олар Супермен сияқты
ұша алмады, бірақ олардың күші
— рухында, өз халқына деген
сенімінде, Отаны үшін өмірін
қиюға дайын болуында.









Күш - тек бұлшық ет пен
ұшуда емес. Күш — жүректе
және ақылда. Біздің
батырларымыз тек жауынгер
ғана емес, сондай-ақ ақылды,
әділ адамдар болды.




Демек,білім алып,
өзіңді дамытып,
басқаларға көмектесу
керек пе?











БІЗДІҢ КОМИКСТЕРДІҢ БАСҚА СЕРИЯЛАРЫН ДА КӨРІҢІЗ



instagram



web-site

Алматы облысы Дін істері
басқармасының тапсырысы аясында әзірленді